1.2. Клиенттердің шоттарының төлемдерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген шамада жүргізуге және оларға банктік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға байланысты ақпараты бар хаттарға (анықтамаларға) қол қоюға, атап айтқанда: шоттардың бары туралы, мерзімі өтіп кеткен берешегінің бары/жоғы туралы (кредиттер, кепілдікті міндеттемелер), Картотеканың бары/жоғы туралы, шоттағы қалдық туралы, шотқа қойылатын орындалмаған талаптардың бары/жоғы туралы (сыртқы экономикалық экспорттық-импорттық келісім-шарттағы шығыс операцияларына тыйым салу, оларды тоқтата тұру), шотты жабу, сұратылып отырған уақыт кезеңіндегі шоттардың айналымдары туралы.

2. Банк Клиенттерімен ағымдағы шот шартына және оның қосымша келісімдеріне қол қоюға;

2.1 Заңды тұлғалармен және жеке кәсіпкерлермен Қашықтықтан Банктік қызмет көрсету (ҚБҚ) бойынша шарттарға, сондай-ақ барлық ілеспе құжаттарға (Өтініштер, Актілер) қол қоюға.

3. **Кассалық операциялар: банкноттарды және монеталарды ауыстыру, айырбастау, қайта есептеу, сұрыптау, орау, сақтау және кейін беру мақсатында, оларды қабылдау қызметтері.** Сенім білдірілген тұлға келесілерге құқылы:

3.1. заңды және жеке тұлғалармен жасалған есептік-кассалық қызмет көрсету шарттарына қол қоюға.

3.2. Кірістер және құнды заттарды есептен шығару бойынша кассалық құжаттарға қол қоюға;

4. **Аударым операциялары: заңды және жеке тұлғалардың ақша аударымы бойынша тапсырмаларын орындау.**

4.1. **«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ бірыңғай корреспонденттік шоты арқылы жеке және заңды тұлғалардың тапсырмасы бойынша және солардың есебінен, соның ішінде корреспондент-банктердің, олардың банктік шоттары бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру.**

5. **Қарыз беру операциялары: банктік қарыздарды ақылы, мерзімді және қайтару жағдайларында ақшалай беру.** Сенім білдірілген тұлға келесілерге құқылы:

5.1. Бас Банктегі Уәкілетті органның шешімі негізінде Банк клиенттері — заңды тұлғалармен жасалатын банктік қарыз шарттарына/кредиттік желу ашу туралы келісімдерге/аккредитивті қызмет көрсету шарттарына Бас Банктегі Уәкілетті органның шешімінде көрсетілген жағдайларда қол қоюға;

5.2. Бас Банктегі Уәкілетті органның шешімі негізінде Банк клиенттері — жеке тұлғалармен жасалатын банктік қарыз шарттарына Бас Банктегі Уәкілетті органның шешімінде көрсетілген жағдайларда қол қоюға;

5.3. Филиалдың Уәкілетті органның шешімі негізінде Банк атынан заңды тұлғалармен және жеке тұлғалармен/жеке кәсіпкерлермен шарттарда, мерзімдер мен сома лимиті шегінде банктік қарыз шарттарына, сондай-ақ осы шарттардың әрекетін өзгертетін, толықтыратын немесе тоқтататын келісімдерге қол қоюға;

5.4. Банк атынан Банктің уәкілетті органдарының тиісті шешімдері бар болған жағдайда, бір қарыз алушыға арналған филиал лимитінің үстінен заңды тұлғалармен және жеке тұлғалармен/жеке кәсіпкерлермен тиісті шешімдерде көрсетілген шарттарда Банктік қарыз шарттарына, сондай-ақ осы шарттардың әрекетін өзгертетін, толықтыратын немесе тоқтататын келісімдерге қол қоюға;

5.5. Банктің тиісті уәкілетті органдарының шешімі болса, Кепіл шарттарына, талап ету құқықтарын беру туралы шарттарға (цессия), борышты аудару туралы келісімдерге, кепілгерлік шарттарына, қарыздарды сақтандыру және басқа қаржы шығындарынан сақтандыру шарттарына және заңнамаға қайшы келмейтін өзге шарттарға/келісімшарттарға/келісімдерге, сондай-ақ осы шарттардың әрекетін өзгертетін, толықтыратын немесе тоқтататын келісімдерге қол қоюға;

5.6. қарыз алушылар (жеке және заңды тұлғалар) Банк алдында өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Филиалдың/Банктің уәкілетті органының тиісті шешімі бар болса, кепіл мүлкін өткізу мәселелері бойынша барлық қажетті әрекеттерді жүзеге асыруға;

а) міндеттемелерді орындамау туралы, сауда-саттық жүргізу туралы хабарламаларға қол қоюға және оларды уәкілетті тіркеу органында тіркеуге;

б) сауда-саттық өткізу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жариялауға;

в) кепілге қойылған мүлікті сату бойынша сауда-саттық өткізуге байланысты қажетті анықтамаларды, құжаттарды алуға;

г) кепіл мүлкіне құқықбелгілеуші, сәйкестендіруші және өзге құжаттарды алуға;

д) кепіл мүлкін соттан тыс тәртіпте өткізу бойынша сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге;

е) сауда-саттық өткізу нәтижелері туралы хаттамаларға қол қоюға;

ж) сауда-саттыққа кепілге қойылған мүлікті сатып алу туралы құжаттарға қол қоюға;

з) кепіл мүлкін сатуға байланысты барлық қажетті құжаттарға қол қоюға және барлық басқа әркеттерді жасауға;

5.7. Қазақстан Республикасының азаматтарын және бейрезиденттерді кепілге қойылған жылжымайтын мүлікті тіркеуге берілетін рұқсатнамаға Банк атынан (Филиал) қол қоюға.

5.8. Клиенттің мекенжайына жіберілетін, Филиалдағы/Банктегі Уәкілетті органның/Шешімдер қабылдау орталығының қабылданған шешімінің негізінде алдына ала қаржыландыру туралы Банк атынан хабарлама-хаттарға қол қоюға;

5.9. Филиалдағы/Банктегі уәкілетті органның шешімі негізінде сақтандыру топтары мен сақтандыру сомалары бойынша шектеу қойылмастан кредит беру аясында Банктің жеке және заңды тұлғалары ұсынатын, кепілге қойылған мүлікті сақтандыруға байланысты барлық әрекеттерді Банк атынан (Филиал) жасауға, атап айтқанда мүлікті сақтандыру шарттарына, ілеспе хаттарға,

сауалнамаларға, өтініштерге және Банк (Филиал) пайда алушы болып табылатын басқа да ілеспе құжаттарға қол қоюға.

5.10. шот иесі қарыз алушы, кепілдік беруші, кепілгер, лизинг алушы немесе кепіл беруші болып табылатын тұлғаға қатысты банктік шоттардың болуы және нөмірлері туралы анықтама алу үшін екінші деңгейдегі банктерге жіберілетін Сұрау-хаттарға қол қоюға;

5.11. екінші деңгейлі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа да ұйымдарға, банк шоттардың болуы және олардың нөмірлері туралы анықтама алу ушін жібрілетін құжаттардың көшірмелерін растау.

6. Шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру. Сенім білдірілген тұлға келесілерге құқылы:

6.1. Сатып алу, сату бағамдарын және бағамдардың кросын белгілеу туралы өкімдерге Уәкілетті тұлғаның сатып алу, сату бағамдарын және бағамдардың курсын белгілеу туралы күнделікті жазбаша өкімдерінің негізінде күн сайын қол қойып отыруға.

7. Төлем құжаттарын инкассоға қабылдау (вексельдерді қоспағанда).

8. Активтерді айырбастау мәмілелері. Сенім білдірілген тұлға келесілерге құқылы:

8.1. Валюталау сомалары (комиссиялардың мөлшерін есептеместен) сәйкес келіп, күндер бірдей болған жағдайда, екінші деңгейдегі банктермен қолма-қол валютаны қолма-қол ақшасыз валютаға қарсы, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз валютаны қолма-қол валютаға қарсы айырбастау мәмілелерін жасасуға.

9. Форексті мәмілелер. Сенім білдірілген тұлға келесілерге құқылы:

9.1. Банктің операциялық күні ішінде тиісті көлемнің валютасы сатылатын немесе сатып алынатын қарсы операция өткізілген жағдайда, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы үшін қолма-қол шетел валютасы сатып алу немесе сату мәмілелерін жасасуға.

10. Сейфтік операциялар: сейфтік ұяшықтарды, шкафтарды және жайларды жалға беру қызметтері. Сенім білдірілген тұлға келесілерге құқылы:

10.1. заңды және жеке тұлғаларға сейфтік ұяшықтарды, шкафтарды және жайларды қызмет көрсетуге жалға беру шарттарына, сонымен қатар осы шарттардың әрекет етуін өзгертетін, толықтыратын немесе тоқтататын келісімдерге қол қоюға.

11. Төлем карталарын шығару және қызмет көрсету операциялары:

Сенім білдірілген тұлға құқылы:

11.1. заңды және жеке тұлғалармен төлем карталарын шығару/қайта шығару және пайдалану туралы шарттарға, сондай-ақ заңды тұлғалармен кешенді қызмет көрсету шарттарына, сондай-ақ осы шарттардың әрекетін өзгертетін, толықтыратын немесе тоқтататын келісімдерге қол қоюға;

11.2. Банктің атынан карта ұстаушыларға сауда және сервис кәсіпорындарында эквайринг қызметтерін көрсету бойынша шарттарға, қабылдау-өткізу актілеріне және осы шарттар аясындағы өзге құжаттарға, сондай-ақ осы шарттардың әрекетін өзгертетін, толықтыратын немесе тоқтататын келісімдерге қол қоюға.

12. Ақшалай түрде орындауды көздейтін банктік кепілдіктер беру. Сенім білдірілген тұлға құқылы:

12.1. өз бетінше шешімдер қабылдауға және бланктік тендерлік (конкурстық) кепілдіктерге және жиынтықта бір Принципалға 50 000 000 (елу миллион) теңгеден аспайтын сомаға кепілдікті міндеттеме шарттарына қол қоюға;

12.2. Банктің Уәкілетті органының оң шешімі негізінде және оның аясында кепілдіктерге және кепілдікті міндеттеме беру туралы шарттарға, атап айтқанда міндеттемелерді орындау кепілдігі және 50 000 000 (елу миллион) теңгеден астам тендерлік (конкурстық) кепілдіктер туралы шарттарға қол қоюға.

13. Банк мүддесін уәкілетті мемлекеттік органдарда және кез келген қызмет түрлеріндегі ұйымдарда білдіру. Сенім білдірілген тұлға құқылы:

13.1. азаматтық және қылмыстық істер бірінші, аппеляциялық, кассалық және қадағалау инстанцияларында, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдарда қаралған кезде, арызданушы, жауап беруші, үшінші тұлға, зардап шегуші және азаматтық арызданушы, конкурстық өндіріс (банкрот) аясында кредитор, атқарушы өндіріс аясында өндіріп алушы ретінде Банктің өкілі болуға құқылы. Осыған байланысты, Банктің Заң департаментімен оң келісілген жағдайда, Сенім білдірілген тұлға Банк атынан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген барлық іс-жүргізу әрекеттерін жасауға құқылы, соның ішінде:

а. арыз өтініштерге, өтініштерге, қолдаухаттарға қадағалау тәртібінде, қайта басталған жағдайлар бойынша қайта қарау өтініштеріне, пікірлерге (қарсылықтарға) қол қою құқығы;

б. арыз негізін немесе мәнін өзгерту құқығы, арыз талаптарының мөлшерін ұлғайту немесе азайту, істерді аралық сотқаға тапсыру құқығы, соттың және сот ісі бойынша төрағалық етушінің әрекеттеріне берілетін шағымдарға қол қоюға және беруге;

в. қадағалау тәртібінде әрекеттерге қарсылық білдіру туралы прокуратура органдарына берілетін қолдаухаттар мен өтініштерге және барлық актілерге, соның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік және сот органдарының шешімдері мен қаулыларына қол қоюға және беруге;

г. сот шешімін, бұйрығын, анықтамаларды, қаулыларды мәжбүрлеп орындау талаптарының құқығы; сот орындаушыларының әрекеттеріне берілетін шағымдарға және қаулыларға қол қою және беру құқығы; атқарушылық құжатты көрсету мен қайтарып алу құқығы;

д. кредиторлар комитетінің бірінші және барлық келесі отырыстарында келесі мәселелер бойынша дауыс беріп, хаттамаларға қол қою құқығы: комитет төрағасын таңдау, кредиторлар комитетінің алдында түгендеу бойынша есептердің мерзімін белгілеу, конкурстық басқарушыға сыйақы сомасын және оны төлеу тәртібін айқындау, конкурстық өндірістің рәсімдерін өткізу шараларының жоспарын бекіту, конкурстық басқарушының әрекеттерін бақылау үшін кредиторлардың төрағасын сайлау, конкурстық басқарушыдан борышкердің қаржылық жай-күйі және конкурстық өндіріс рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы ақпаратты беруін талап ету, уәкілетті органға және (немесе) сотқа конкурстық басқарушының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану, сондай-ақ уәкілетті органға оны орындалатын міндеттерден шеттету туралы жүгінгендігі туралы шешімді қабылдау, банкроттың дебиторлық берешегінің өндірілмейтін сомасын бекіту, конкурстық көлемін сату жоспарын бекіту, аудиторлық тексерісті және түгендеу нәтижелерін назарға алу, конкурстық өндірісті өткізу үшін шығыстардың баптары мен сметаларын бекіту;

13.2. Қылмыстық қудалау органы дәлелдеу құралу ретінде Банктен алған немесе Банк берген мүлікті, сондай-ақ Банкке тиесілі, қылмыстық заң тыйым салған әрекет жасаған тұлғадан алынған мүлікті алуға, Банкке тиісіле құжаттардың түпнұсқаларын алуға; қылмыстық істің қозғалғаны туралы, Банкті жәбірленуші, азаматтық арыз беруші деп тану немесе одан бас тарту туралы, қылмыстық істің тоқтатыла тұрғаны туралы, қылмыстық істің тоқтатылғаны туралы қаулылардың көшірмесін, айыптау қорытындысының, сондай-ақ үкімнің, аппеляциялық, кассациялық және қадағалау инстанциясының қаулыларының көшірмесін алуға; заңда көзделген жағдайларда күдіктілермен, айыпталушылармен, сотталушылармен ымыраға келу, соның ішінде медиация тәртібінде ымыраға келу; сотталушыға бас бостандығын айыруға байланысты жаза тағайындау туралы өтініштерге/қолдаухаттарға қол қоюға; қылмыстық процесті жүргізетін органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) берілетін шағымдарға қол қоюға.

14. Банк Филиалға валюталық бақылау агентінің өткізіліп отырған валюталық операциялардың Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкес келтіру міндетін жүктейді, осыған байланысты, Сенім білдірілген тұлғаға келісім-шарттың есептік нөміріне қол қою құқығы беріледі.

15. Осы Сенімхатта атап өтілген өкілеттіктерді жүзеге асыру үшін, Сенім білдірілген тұлға Банк атынан келесілерге құқылы:

15.1. Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Банк Агенттіктеріне белгілі бір жағдайларда банктік бағдарламалар аясында клиенттерді тарту тапсырылатын жеке және заңды тұлғалармен жасалатын Агенттік келісімдерге, сонымен қатар осы шарттардың әрекет етуін өзгертетін, толықтыратын немесе тоқтататын келісімдерге Банк (Филиал) атынан қол қоюға, агенттік келісімдер бойынша орындалған жұмыс актілеріне қол қоюға;

15.2. Филиал қызметкерлеріне талап ету орны бойынша анықтамаларға қол қоюға:

15.3. жұмыс орнын, атқарып отырған лауазымын және жалақы мөлшерін растау туралы;

15.4. жеке табыс салығын есептеу мен ұстап қалу және әлеуметтік салықты есептеу бойынша есептер туралы;

15.5. әлеуметтік тәуекел басталар алдында соңғы он екі күнтізбелік күн ішіндегі кірістер туралы;

15.6. жеке тұлғаға төленген және міндетті зейнетақы жарналардың кірісінен жүзеге асырылған кіріс сомалары туралы.

15.7. Филиалға бөлінген мүлікті және Филиалдың қаржылық-шаруашылық қажеттіліктерін төлеу үшін ақшаны белгіленген лимит шегінде басқаруға;

15.8. іс бойынша тараптардың барлық құқықтары мен міндеттері жүзеге асырыла отырып, Филиалдың мүддесін Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік және басқару органдарымен, мекемелерімен және ұйымдарымен өзара қатынастарда білдіру;

15.9. Банкке арналған хат-хабарды/құжаттарды алуға/жіберуге қажетті барлық әрекеттерді орындауына байланысты мәселелер бойынша Банктің «Қазпошта» АҚ-тағы мүддесін ұсынуға, сонымен қатар «Қазпошта» АҚ-пен пошталық қызмет көрсету шарттарын жасауға/бұзуға.

15.10. Банктің барлық қажетті әрекеттерді жасау үшін үшін Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігіндегі, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы - Халыққа қызмет көрсету орталығындағы, Әділет департаментіндегі, Әділет басқармасындағы, «Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық» РМК, «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ, «Жер қатынастары бөлімі» ММ, Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаментіндегі мүддесін ұсынуға;

15.11. Талап ету құқығын беру (цессия) шарттарын тіркеу бойынша әрекеттер, атап айтқанда: құжаттарды тапсыру, құжаттарды алу, өтініштер, хабарламалар және оларға Банк атынан қол қою құқығын беру, сондай-ақ осы тапсырманы орындауға байланысты барлық әрекеттерді және формалдылықтарды орындау әркеттері;

15.12. тұрғын емес жайларды пайдалану құқығын бір жылдан кем емес мерзімге міндетті мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ жалдау, құқықтық кадастрде, атап айтқанда: Банктің өкілі болу, қажетті анықтамалар алу, өтініштер және басқа да құжаттар беру, оларға қол қою, сонымен қатар осы тапсырманы орындауға қажетті барлық әрекеттер мен формалдылықтарды орындау бойынша әрекеттер;

15.13. Банк Филиалы туралы Ережеге енгізілген өзгертулерге есептік тіркеуге байланысты мәселелер бойынша әрекеттер, атап айтқанда: құжаттарды тапсыру, құжаттарды алу, өтініштер,

хабарламалар беру және Банк атынан қол қоюға, сондай-ақ осы шартты орындауға байланысты барлық әркеттер мен формалдылықтарды жасау;

15.14. Банктің сыртқы жарнамасын орналастыруға рұқсат алу бойынша барлық қажетті әрекеттерді орындауға байланысты мәселелер бойынша әрекеттер, атап айтқанда өтініш беруге арналған қажетті құжаттарға қол қою, құжаттарды алу/беру бойынша, осы тапсырманы орындауға байланысты барлық әркеттер мен формалдылықтарды жасау.

15.15. Бас Банктің құрылымдық бөлімшелерінің оң келісімі болған жағдайда, Банктің (Филиалдың) атынан Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жеке және заңды тұлғалармен Меморандумға қол қоюға;

құқықтарды осы Сенімхатта көзделген өкілеттіктердің шегінде іске асыруға қажет, заңдық маңызды әрекеттерді Филиал атынан жасасуға (шарт жасасу, өзгерту және бұзу);

15.16. осы сенімхат аясында мәмілелер жасауға және Филиалдың әкімшілік-шаруашылық қызметін қамтамасыз ету аясында заңды және жеке тұлғалармен, жеке кәсіпкерлермен азаматтық-құқықтық шарттарға қол қоюға. Сондай-ақ жасалған шаруашылық шарттар бойынша тиісті төлем шоттарға, Қабылдау-өткізу актілеріне және өзге қажетті құжаттарға қол қоюға;

15.17. Филиалдың құзыреті шегінде сомаға шектеу қойылмаған жүкқұжаттарға, салық шот-фактураларына және орындалған жұмыстар актілеріне қол қоюға;

15.18. жетекшілік ететін Филиалдың міндеттерінің шегінде шығыс хат-хабарға (соның ішінде хаттарға, хабарламаларға, өтініштерге, талаптарға), ақпараттық құжаттарға.

15.19. Филиал қызметкерлерінің Ұлттық Банктің аумақтық филиалында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі бактерінде активтерді айырбастау шарттарының негізінде чек кітапшаларын және қолма-қол ақшаны алуға берілетін сенімхаттарға қол қоюға.

15.20. Жасалған банктік қарыз шартына, кредиттік желу ашу туралы келісімге немесе қарыз операциясының не болмаса кепілдіктің берілгендігі дерегін растайтын өзге де құжатқа сәйкес, борышкерлердің қарыз бойынша мерзімі өтіп кеткен берешегі болған жағдайда, Банк қарыз алушыдан, ортақ қарыз алушыдан, кепілдік берушіден өндіріп алу үшін, акцепті қажет етпейтін төлем талабына қол қоюға және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне көрсетуге байланысты, Банк (Филиал) атынан барлық әрекеттерді жасауға. Ақша жіберушілердің (Банк борышкерлері) басқа да банктердегі шоттарындағы ақшаны акцептісіз алуына келісімі бар құжаттардың (қарыз шарты, кредиттік желі ашу туралы келісімдер және т.б.) көшірмелерін куәландыруға.

15.21. Филиал қызметкерлері негізгі құралдарды және тауар-материалдық қорларды алуға берілетін сенімхаттарға қол қоюға;

15.22. Банктік қарыз беру дерегін растайтын құжаттардың көшірмелерін, атап айтқанда банктік қарыз шартын, банктік кепілдіктерін және Қазақстан Республикасының банктік заңнама талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне жіберілетін өзге құжаттарын, растауға;

15.23. Банктік қарыз, кепілдік, кепілгерлік, лизинг беру, ақша жіберушінің ақшаны акцептісіз алуға келісімінен тұратын деректерді растайтын құжаттардың көшірмелерін, атап айтқанда банктік қарыз шарттарын, кредит желісін ашу туралы келісімді, кепілді міндеттемелер беру туралы шарттарды, қаржы лизингі шарттарын, кепілдік/кепілгерлік шарттарын, кейін Банктің Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне жіберетін төлем талабына қосу үшін заңды тұлғалардың кепілдікті міндеттемелерін растауға. Ол үшін «Көшірмесі дұрыс» белгісін қою құқығы беріледі, өзінің лауазымын, аты-жөнін көрсетіп, қол қояды, сондай-ақ осы сенімхатта көзделген құжаттардың көшірмелеріне күні мен Банктің (Филиалдың) мөрін қояды;

15.24. Қарыз алушының Банктегі міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін қабылданған, кепіл мүлкін өткізу үшін соттық сауда-саттықта Банктің мүддесін ұсынуға. Ол үшін осы тапсырманы орындау үшін қажетті барлық әрекеттерді орындау құқығын беруге, сонымен қатар олармен шектелмей: сот сауда-саттығында, сот орындаушылары өткізетін электронды сауда-саттыққа қатысуға өтінімге, сауда-саттық өткізу туралы хаттамаға, сауда-саттықта кепіл мүлкін сатып алу туралы куәлікке, кепіл мүлкін сату-сатып алу шартына, сауда-саттық затын қабылдау-өткізу актілеріне, сауда-саттық туралы хабарламаға қол қоюға және оларды кепіл берушіге және уәкілетті мемлекеттік тіркеу органдарының атына жіберуге, жергілікті баспада сауда-саттық туралы хабарлауға, сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаларға қол қоюға, кепілге берілген мүлікті Банктің меншігіне айналдыру актіне (кепілге берілген мүлікті банктің меншігіне айналдыру туралы куәлік) қол қоюға, меншік құқығының өтуін уәкілетті мемлекеттік тіркеу органдарында тіркеуге, жоғарыда көрсетілген құжаттарды уәкілетті мемлекеттік тіркеу органдарында және ұйымдарда тіркеуге және алуға;

15.25. Жеке сот орындаушыларымен жұмыста және «Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің сот актілерін орындау жөніндегі комитеті» ММ-де, Қазақстан Республикасының барлық аумақтары бойынша сот актілерін орындау жөніндегі департаментінде Банктің мүддесін ұсынуға. Ол үшін осы тапсырманы орындауға қажетті барлық заңды әрекеттерді орындауға құқық беруге, сонымен қатар олармен шектелмей: құжаттар тапсыруға/алуға, өтініш беруге, қол қоюға, атқару парағын ұсынуға және алуға, үзінді көшірмелер жасауға, көшірмелерін түсіруге, өндірістік атқару материалдарымен танысуға.

15.26. Бас Банктің құрылымдық бөлімшелерімен оң келісім болған жағдайда меморандумдарға қол қоюға/жасауға/Құпиялық туралы келісімді, осы келісімдердің/шарттардың әрекет етуін өзгертетін, толықтыратын немесе тоқтататын келісімдерді бұзуға;

16. Филиалдың Сараптама Комиссиясын құру және құрамын өзгерту туралы, бұйрықтар шығаруға:

17. Филиал қызметіне қатысты өкім құжаттарды, атап айтқанда келесі құжаттарға шығарып, оларға қол қоюға:

18. Филиалдың қоймалық кассаларының құндылықтарына жоспарлы және жоспардан тыс тексеріс жүргізуге, оның ішінде:

18.1. Жауапты тұлғалар ауысқан кезде, қоймалық кассаларының құндылықтарын қабылдап - өткізуге.

18.2. Филиалдың балансындағы негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді түгендеу өткізуге.

18.3. Филиалдың материалдық — жауапты тұлғаларын тағайындау, ақша сақтау орнының және сейфтік депозитарийінің ашылуына және жабылуына жауапты тұлғаларды тағайындау туралы.

18.4. Филиал қызметкерлерін клининг компаниясының, инкассация (сейфтік депозитарийді қоспағанда), күзет компаниясының және үй-жайға, кассалық жабдыққа немесе өзге де ұйымдық техникаға қызмет көрсетуге шарттар жасалған өзге сыртқы ұйымдардың қызметкерлерін кассалық торапқа және сейфтік депозитарийге кіргізуге.

18.5. Жеке банктік сейфтік ұяшықтарды жалға беру шарттары бойынша кілттің телнұсқасы бар конверттерді ашу комиссиясын тағайындау туралы.

18.6. Негізгі құралдарды және тауар-материалдық құндылықтарды есептен шығару комиссиясын тағайындау туралы.

18.7. Төлем карталарын және ПИН-конверттерді сақтауға және беруге, сауда – сервис кәсіпорындарын (бұдан әрі – ССК) тартуға және қызмет көрсетуге жауапты тұлғаларды тағайындау туралы .

18.8. Төлем карталарын/ПИН — конверттерге түгендеу өткізу үшін комиссия тағайындау туралы.

18.9. Талап етілмейтін төлем карталарын/ПИН — конверттерді өтеуді (жоюды) өткізу үшін комиссия тағайындау туралы.

18.10. Кредиттік құжаттаманы сақтау мен беру бойынша жауапты тұлғаларды тағайындау туралы.

18.11. Негізгі құралдарды пайдалануға енгізу бойынша филиалдың комиссияларын тағайындау туралы.

18.12. Филиалда кадрлық іс қағаздарын жүргізу үшін жауапты тұлғаны тағайындау туралы;

18.13. Филиал қызметкерлерінің жоспарлы көрсеткіштерін анықтау туралы;

18.14. заңды тұлғалардың пайдасына халықтан төлем қабылдау бойынша шарттарға және оның қосымша келісімдеріне қол қоюға;

19. қол және мөр бедерінің үлгілері бар құжаттарды растауға;

20. «Бизнестің жол картасы 2020» Бизнесті дамыту және қолдаудың бірыңғай бағдарламасы аясында үшінші тұлғалармен (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалармен және Банк клиенттері – заңды тұлғалармен) мәмілелер жасауға;

21. заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландыру орталығының тіркеу куәліктерін біржолғы алуға немесе қайтарып алуға байланысты әрекеттерді жүзеге асыруға;

22. Уәкілетті органдардан электронды-санды қол алуға;

23. Филиал қызметкерлерінің Мемлекеттік кірістер басқармасынан криптокілт алуға арналған сенімхатқа қол қоюға.

24. қолданыстағы шартқа қол қойылған күні белгіленген лимиттер шегінде, нотариаттық қызмет көрсету шартқа қол қоюға, Банкпен жасалған қызметтерді көрсету шарттарға қосымша келісімдерге қол қоюға.

Сенім білдірілген тұлғаның Банк/Филиал атынан осы Сенімхатта келтірілген барлық әрекеттерді орындауы оған осындай әрекеттерді орындаудан пайда болған құқықтық салдар үшін дербес жауапкершілік жүктейді.

Сенім білдірілген тұлға қосымша келісу және осы Сенімхат бойынша жекелеген өкілеттіктерін жүзеге асыруға арнайы рұқсат алу бойынша міндеттерін орындамаған/тиісті түрде орындамаған жағдайда, Банктің Сенім білдірілген тұлғаның осындай әрекеттерді орындауы нәтижесінде болған құқықтық салдары туындамайды.

Осы сенімхат 2021 жылдың «31» желтоқсанын қоса есептегендегі күн аралығында әрекет етеді. Сенімхат қайта сенімгерлік беру құқығысыз берілді.

Осы құжатқа қол қойғанда сенім білдіруші әрекет қабілеттілігінің шектелмегендігін, есірткілік, токсикологиялық, алкогольдік ішімдік ішпегенін, денсаулығы жағдайына байланысты өзінің құқықтарын жүзеге асыра алатындығын және қорғай алатындығын және өз міндеттерін орындай алатындығын, қол қойылатын құжаттың мәнін түсінуге кедергі келтіретін аурулармен ауырмайтындығын, қателесу, алдау, зорлық-зомбылық, қорқыту, бір тарап өкілінің екінші тараппен зұлымдық ниетте келісуі нәтижесінде немесе ауыр мән-жайлардың салдарынан жасауға мәжбүр болмағандығын растайды.

Сенміхаттың мәтіні менімен толық оқылды және менің нақты еркіме сәйкес келеді Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 167-171 баптарының және ҚР Неке және отбасы заңының 33 бабының мазмұны, жасалатын нотариалдық іс-әрекеттің мәні, мағынасы және құқықтық салдарлары маған нотариуспен түсіндірілді.

Қолы: Фищук Виктория Анатольевна
/Тегі, аты және әкесінің аты, қолы/

'12' маусым 2019 жылы, осы сенімхатты Қазақстан Республикасының Әділет Министірлігі 15 наурыз 2011 жылы берілген №0003288 лицензияның негізінде әрекет жасаушы Алматы қаласының нотариусы Абетаева Г.Н. куәландырылды. Сенімхатқа азамат Фищук Виктория Анатольевна менің

қатысуыммен қолын қойды. Сенім білдірушінің жеке басы анықталды, әрекет қабілеттілігі, «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ –ның құқық қабілеттілігі тексерілді.

Тізілімде №1100 болып тіркелді.

Жеке нотариусқа төленген сома: 6313 тенге

Нотариус :

Пронумеровано и прошнуровано
на 14 (четырнадцать)
страницах
Нотариус